

4. Радугин А.А. Психология и педагогика. -Москва, ГНИИ ИТТ «Информика» 2000.-230 с.
5. Новиков А.М. Профессиональная педагогика. Учебник для вузов. -Москва: АПО, 1999.-133 с.
6. Столяренко А.М. Психология и педагогика. -Москва, Ростов и/Д: Феникс 2001. -512 с.

Поступила в редакцию 14.06.2010.

К.И. ҚҰДАБАЕВА

ДИЗАЙН МАМАНДЫҒЫНДАҒЫ СТУДЕНТТЕРГЕ КӘСІБИ БІЛІМ БЕРУДЕ СӘУЛЕТ ӨНЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

The peculiarities of architecture in professional preparing students on specialist «Design». While preparing students specialist on «Design» et necessary to use the main style directions. There should or considered the regional peculiarities of territory, and also it should or connected with decorations. In the given article There are classifications of ornaments. These ornaments is usually used en decorating fence and barriers and so on for example: decorating for small sculpture forts, using forged elements, cared bench, the variations of rosette, and mosaic

Бүгінгі таңда дизайнер мамандығындағы студенттерді «Дизайн тарихы және теориясы» курсы бойынша кәсіптік қызметке теориялық және практикалық дайындалудың маңызы зор. Дегенмен, кәсіби білім беруде сәулет өнерінің ерекшелігіне тоқталу аса қажет. Демек, бұл сала бойынша теориялық білімді жетілдіру қоғам сұранысына сай олардың сәулеттік, графикалық, өндірістік дизайн саласында қолданылуының қажеттілігінен туындап отыр.

«Дизайн тарихы және теориясы» пәнін оқытудың мақсаты мен міндеттері - сәулеттік, графикалық және өнеркәсіптік дизайнның болашақ мамандарын классикалық және қазіргі дизайн тарихының теориялық негіздерін білуге және шығармашылық жұмысты тиімді ұйымдастыру шеберлігіне үйрету болып табылады.

Студенттерге кәсіби білім беру барысында мамандарды шығармашылыққа дайындаудың жетекші жүйелерінің бірі дизайн тарихы және теориясы болып табылады. Ол болашақ дизайнерлердің креативтік ойлау негізін және қоршаған ортадағы болмысты ұғыну мүмкіндігін қалыптастыруға, сондай-ақ сәулеттік, өндірістік, графикалық дизайнерлік қызмет шығармашылығы принциптеріне сәйкес тұрақты шешім қабылдауды жетілдіреді. Ол үшін студенттер:

- Берілген тапсырмаға сәйкес жұмыс жоспарын құру;
- Ұсынылғын әдебиеттерді оқу, рефератты сауатты толтырып жазу;
- Курстық жұмыстарын ғылыми тұрғыдан эмпирикалық және теориялық зерттеулерде жүргізуді білулері керек.

Сонымен бірге өнеркәсіптік, сәулеттік, графикалық дизайн саласындағы жетістіктер негізін, түпкі ой мен концепциясының өзара байланысын, дизайнердың даму заңдылықтарын, практикалық қызметпен байланысты мәселелерді меңгеруі керек.

Көркемдік техника мен материалдарды компьютерлік бағдарламаларда, редакторларда қолданылатын графикалық тәсілдерде қойылатын құралдар мен операцияларды білулері қажет.

Дизайн мамандығындағы студенттерге кәсіби білім беруде сәулет өнерінің ерекшелігі туралы «Дизайн тарихы және теориясы» пәніне қосымша ретінде ендірілсе деген төмендегі ұсынысты жасауға болады.

Дизайн мамандығындағы студенттерге кәсіби білім беруде сәулет өнері ерекшелігінің негізгі стильдік бағытын үйрету қажет. Онда аймақтық ортаның (ауыл, қала т.б.) ерекшеліктері мен оны безендірілуі тыс қалмауы қажет. Стильдік бағыт әр елдің өзінің ерекшелігіне қарай ұлтының мақтанышын паш ету болып табылады. Қазақстанда қазақтың өзіндік ерекше стилі болуы қажет. Қазақстанның этнодизайны халықаралық дизайннан асып түспесе қалыспауы тиіс.

Безендіру мәселесіде студенттерге ою-өрнек классификациясын меңгерту керек. Яғни, студенттердің ою-өрнек классификациясынан білімдері болулары, оларды практикалық жұмыстарында сауатты қолданулары қажет. Мысалы, қоршауларды безендіруде т.б., студенттер ою-өрнектерді дұрыс, сауатты таңдай ала білулері керек. Мәселен, кіші сәулет формаларын безендіруде, темірден қыздырылып соғылған әшекей элементтер, бақтарда ойылып жасалған орындықтар, мүсіндер, түрлі розеткалар, т.б. қолданылады. Мүсіндерге қысқаша тоқталып кетуге болады. «Мүсін» латыншадан аударғанда «қашау» және «шеку» деген мағынаны білдіреді [1]. Оның бейнелеу өнерінің басқа түрлерінен айырмашылығы мүсіннің басты композициялық заңдылығы-**аумақтық форма**. Мүсін өзінің мақсаты бойынша **қондырғылы, монументальды және декоративті** болып бөлінеді.

Қондырғылы (станковая) мүсіннің формасы әр қилы. Олар қарапайым өлшемді, саз балшықтан жасалып күйдіріледі. Монументальды мүсін (монументтік-ескерткіштер) көшелер мен алаңдар үшін жасалады. Олар ұзақ сақталуы үшін мықты, қатты материалдардан жасалады: кола, мәр-мәр, гранит.

Декоративтік мүсін сәулетпен байланысты фасадтар мен интерьерді әшекейлеу үшін пайдаланылады. Саябақтарда, көшелерде де, алаңдарда да, көпірлерде де қолданылады. Фонтандарды әр түрлі ою-өрнекті (скульптураны) әшекейлеуде статуялық, рельефтер, мүсіндер кеңінен қолданылып олар декоративтік мүсінге жатады.

Бүгінгі таңда «тірі мозайка»-шөптен, гүлден құрақ құру, образдар жасау кеңінен тараған. Ал ою-өрнектерге қысқаша тоқталсақ, бүгінгі таңда сәндік-қолданбалы өнеріне қатысты өнертану, тарихи-этнографиялық зерттеулер мен сөздіктерінде «ою-өрнек» ұғымына мынандай анықтамалар беріледі: латынның [әсемдеу, сәндеу деген сөзінен шыққан] үйлесімділік пен бірқалыпқа түскен элементтерден тұратын нақыштар; әр түрлі заттарды [құрал-сайман, қару-жарақ, киім-кешек т.б.] архитектуралық құрылыстарды, пластикалық өнер шығармаларын т.б. сәндеу, безендіру үшін қолданылады [Словарь иностранных слов].

- символдар байланысы [Иванов С. В.]. жеке өнер туындысы бола алмайды, ол қандай бұйымға салынуына байланысты алуан түрлі материалдан әр түрлі техникалық тәсілдер мен ғана іске асатын нақыш [Соколова Т.].

- геометриялық, өсімдік тектес немесе жан-жануар элементтерінен тұратын өрнектер; кескіндемелік, мүсіндік.

- графикалық әсемдеу [Ожегов И. С].

- дәуірлік қол таңба [Соколова Т].

- магиялық тұрғыдан [Попов Л.К].

- еңбек нәтижесі [Окладников О. П.].

- еңбек пен іс-тәжірибе нәтижесі [Недошивин Г.].

- бұйымға стильдік қалыпта түскен алуан түрлі әшекей [Мұқанов М.].

- халықтық және интернационалдық ою-өрнектер [Касиманов С].

- ертеден наным сенімді білдіреді [Марғұлан Ә. X.].

- геометриялық бейнелеу элементтері жүйелі ырғақпен қайталанып отыратын, әрі үйлесімділікте құрылған өрнек, нақыштар [Қазақ совет энциклопедиясы].

- қазақ ою - өрнегі көркем бұйымдарды әшекейлеудің ең басты көркемдік элементі [Ералин К.].

- қазақ көбінесе бір өрнекке салып қиып алған үлгіні, үлгіге салып кескен сырмақтың қиығын, сондай-ақ, барлық қошқар мүйіз өрнектерін де «ою» дейді. Ал өрнек дегеніміз-әр түрлі ою, бедер, күйдіріп, жалатып, батырып, қалыптан істелген көркем түрлердің, әшекейлердің ортақ атауы іспеттес. Сондықтан, көбінесе» ою-өрнек» деп қосарланып айтыла береді [Касиманов С.].

- «адамның табиғатты талғам тазалығында қабылдап, өзін қоршаған ортамен тығыз қарым - қатынаста, еңбек іс - әрекетінің жемісі ретінде өзінің қажетін өнер арқылы ашқандығын айта келіп, ою-өрнек семантикасының пайда болуына діннің ешқандай да қатысы жоқ» деген [Мұқанов М.].

- қазіргі ғылыми әдебиеттерде “физикаморфтық” және “биоморфтық” - деп екіге бөліп қарастырады. Барлық анықтамалардың өз алдына дербес идеялы бола отырып, ою-өрнектің мән-мағынасында жан-жақты өзіндік ерекшеліктері барын байқаймыз, демек біздіңше, ойдың дамуына әсер ететін күш және әр халықтың әлеуметтік жағдайының көрінісі де, сонымен қатар, жеке тұлғаны адамгершілікке және шығармашылықта дамытатын ой құрамы ою-өрнек арқылы жеткен деп қарауға да болады. Осыған орай, «ою-ойғанның ойы дамиды» деген тұжырымға

келеміз. Қолөнер шеберлері мен ісмерлердің қабілетінен туындайтын [туындының үйлесімдіктегі сымбаттылығы, сұлулығы, тұтастығы т.б.] шығармашылығы.

Қазақ халқының ою-өрнек түрлерінің шығу тегі ежелгі тас дәуірінен басталады. Оны соңғы палеолит дәуірінен қалған ескерткіштердегі жануарлардың түрлі белгілерінен байқауға болады. Неолит дәуірінде қыш ыдыстар тісті қилыппен, яғни сызықшалармен, ойықтармен т.б. өрнектелген. Қола дәуірінде Қазақстан аумағында өмір сүрген тайпалар еңбек құралдарын; қарулар, сәндік заттар, тұрмыстық бұйымдар жасауда, құю, жону, бастырып өрнектеу, тегістеп жылтырлату т.б. техникалық - тәсілдерді жақсы меңгеріп, заттарға өрнек сала білді. Сол кездегі бұйымдарда бейнеленген белгілер мен бастырылып түсірілген таңбалардың СИП - СИС - ғасырдағы қазақ халқының қол өнерінде кездесетін ою-өрнектерге өте ұқсас екендігі Ә.Марғұланның, Қ.Ақышевтың, М.Мұқановтың, К.Ибраеваның т.б. ғалымдардың еңбектерінде жеткілікті дәрежеде дәлелденген. Кейбір белгілерге жеке тоқталып кететін болсақ; Ө.Жәнібеков “Аспан әлеміне байланысты ою-өрнектерді зерттей отырып, ертедегі сақ дәуірінен қалған белгілердің; дөңгелек, төрт құлақ, қосу [вертикаль мен горизонталь сызықтарының 90° бір нүктеде қиылысуы.] шимай ою-өрнектің пайда болуын негіздеп, олардың анықтамасын берді; шеңбер - әлемдік кеңістік, төрт құлақ - төрт құбыла, шимай – тынымсыз қозғалыс” деген.

Қазақтарда шимай өмірдің дамуы, оның ала түстегі көрінісі - қара қылды қақ жарған әділеттің белгісі. “Күн мен түннің тоқтаусыз алмасып отыруы” неміс философы Гегельше «шимай - дамушы қозғалыстың формасы”.

- “шеңбер – күннің белгісі, тіршіліктің көзі”; грек философы Аристотельше - “шеңбер – ақыл, оның айналымы – ойлау”. Әл – Фараби “тіршілік - от ұшқынынан деген”.

- үш бұрыштың белгісі “категі - жер мен күн, сүйір бұрышы – жұлдыз”; Абай үшкілі – қайрат, ақыл, жүрек.

- Ғылымда: ауа, күн, су - тіршіліктің көзі. Әлемді біріктіру.

- тік төрт бұрыш – сенің жерің, ағып жатқан суың, умай – өнер, қол өнер, ғылым - өз жеріңнің шекарасы.

- “гүл - өсімдіктер сюжеті - ауыз біршілікті білдіреді”.

- “күс – аспан жақ, көгершін - бейбітшілік белгісі”, – деп айта келіп, қай уақытта болмасын адамзаттың негізін табиғаттан тауып өндеп, өзінің қажетіне жаратып отырған.

Ұлттық сәндік-қолданбалы өнерін пайдалануға болашақ бастауыш сынып мұғалімдерді даярлауда басты назар аударатын мәселе дүниені құраушы тектер. Олар: [1 - от, 2 - жел, 3 - су, 4 - жер, 5 – аспан] дененің қатты, сұйық, газ, плазма күйі”. Дизайн мамандығындағы студенттерге кәсіби білім беруде сәулет өнері бойынша осы мәселенің ерекшелігіне тоқталу маңызды. Бүгінгі таңда бұл мәселенің ескерілуі шамалы болып отыр.

Барлық ою-өрнектердің шығу тарихына шолу жасайтын болсақ, оның түрлі материалдарда қажеттілікте, өзінің көрінісін жай геометриялық фигуралардан [шеңбер, үш бұрыш, ромб, т. б.] құралып, композицияда күрделеніп шешімін тапқан. Ою-өрнек әр халықта өзіндік стильде дамиды, күрделеніп, мәдениеттің бір саласы түрінде қолданбалы өнердің жанрларында көрінісін тауып отырған. Ою-өрнек тарихына тоқталмастан бұрын оның анықтамасына тоқталамыз. Жеке адамдардың эстетикалық таным-талғамын, сезімін оятуда, қоғамдық өмірдің ықпалы күшті әсер етеді. Түр-түс туралы колористика ғылымы 30-мыңға жуық түс пен реңктің бар екендігін дәлелдеген. Әр кезеңдерде уақыт пен кеңістікте өмір сүрген халықтар, мәдени мұраның бір бөлігі ою-өрнектің шығуына өзіндік үлес қосқан. Адамдар табиғатты эстетикалық тұрғыдан қабылдап және рационалды тұрғыдан жасап, көркем заттар мен бұйымдарды өмірге әкелген. Ою-өрнектер осы көркем заттарда, бұйымдарда т. б. композициялық үйлесімдікте орнын тапқан. Олар; нүкте, сызықтар, дақ, т. б. арқылы өзінің ойын алғашқыда символдық мәндегі белгілерді [шеңбер, ирек, т.б.] топтап белгілі жүйеге келтіріп, табиғи заңдылыққа бағындыра [симметрия, ырғақ, гармония т.б.] түрлендірген. Мысалы жоғарыда айтылған философтар белгілермен ойын тұжырымдаған, ата-бабаларымыз белгілермен руларды таныған т. б. Ою-өрнек қиялды, шығармашылықта ойлауды дамыта отырып, қоғамда тұтастық мәнділікті түйсіну болып табылады. Демек, біздіңше «Адам көркі – шүберек, ағаш көркі–жапырақ, қол өнер туындысының көркі–ою өрнек» дейміз .


Әлі де болса жоғары оқу орындарындағы оқу-тәрбие үдерісінде ою-өрнектің дәстүрлі, әсерлі күші ұмытылып, пайдаланылмай келеді. Сондықтан да, сәндік-қолданбалы өнерінен дизайн мамандарын даярлауда қолөнер туындылығы мен ою-өрнектің анықтамасынан бастап, тарихынан толық мәліметтер береміз. Болашақ дизайн мамандарының іс-тәжірибесінде өздігінше кең ауқымда қолданулары үшін, ою-өрнек тарихына тоқталамыз.

Қазақтардың ою-өрнегі персиялықтар ою-өрнегі тәрізді тегіс етіп салынып, боялады. Қазақ ою-өрнегі ерте заманнан келе жатқан өнер. Қазіргі кезде оны былайша классификациялауға болады;

жануарлар кескінді ою-өрнек, аспан әлемінің денелеріне қатысты ою-өрнек, өсімдіктерден құрастырылған ою-өрнек, геометриялық ою-өрнек, жәндіктер іспетті ою-өрнек, құстар пішінді ою-өрнек, көркем өнер каллиграфиясы, техникалы-полиграфиялық каллиграфия, компьютерлік каллиграфиялар, қағаз пластика, тірі мозайка, қиял-ғажайып ою-өрнектері. Сәндік-қолданбалы өнеріндегі ою-өрнек өнерінің белгілі бір заңдылықта, тәртіпте т.б. көрнек жанрында кеңінен қолданылып келгені бізге ғылыми еңбектерден мәлім. Ою-өрнектерді классификациялауда жануарлар кескінді оюдың бірінші аталуы, қазақ халқының төрт түлік малдың ішінен қойдың ең төзімді, қай жағынан болсын; кесе киімі, жесе тағамы болғандықтан болуы керек.

Ертеден қазақтар бар байлығын жануарлар кескінді ою-өрнекте көрсете білген. Ал бау-бақшамен айналысқан орыс халықтары өздерінің ою-өрнектерінің негізін еңбегінің нәтижесі ретінде, бақша өсімдіктерін стилизациялап, байлығын көрсеткен. Өзбек халқы мақта, граната гүлдерін негізге ала отырып, өз байлығын, мәдениетін т.б. ою-өрнекте көрсете білген. Бүгінгі таңда қоғам талабына сай ою-өрнек түрлері; компьютерлік, қағаз пластикалы және тірі мозайка ою-өрнектері 1-суретте көрсетілген. Сәндік-қолданбалы өнерінің жанрларын жасауда қолөнер дәріптеушілер оюмен өрнектелген зат астармасы мен өрнектің түстік үйлесімдігін ескере отырып, оларға белгілі бір мән-мағына берген. Мысалы, ақ-қара түстегі киіз- күн мен түннің алмасып отыруы, жақсы мен жамандықтың алмасып отыруы, «біреудің ала жібін аттамау» - біреуге қиянат жасамау, ақ пен қара-беріктік. Ал түстерді жеке дара қарастыратын болсақ мысалы, академик Ә. М. Марғұланның және С.Касимановтың зерттеулері бойынша түстерге төмендегідей сипаттама берген. Ақ түс – бақыт, қуаныш, ақиқат. Қызыл – от пен күн көзінің символы. Сары – ақыл-парасаттың, қайғы – мұңның символы. Жасыл – жастық шақ пен көктем. Көк – аспан, аспан құдайына «тәңіріне» табыну. Қара – жер-ананаң белгісі.

К.Болатбаев: “Қазақ халқының бояу түсі жайлы таным-түсінігі ертеде қалыптасқан және дамығаны, төрт түлікті түр-түсте ажыратқан”, - деген [2].



1-сурет. Ою-өрнек түрлері.

Барлық ою-өрнектердің өзара классификациялауда атаулары бір болғанымен, әр халықтың таңдауымен, оның ерекшелігімен салт-дәстүрімен санаспауға болмайды.

Қазақстанның этнодизайны - киіз үй-микросмос белгісі ретінде қарастырылады. Оны

сәулет өнерімен тығыз байланыстыра қарастыруға болады. Сәулет өнерінің сипаттамасына қысқаша тоқталайық.

Сәулет алғашқы қауым кезеңінде пайда болған. Тылсым табиғат күштерінен адамдардың ойлап тапқан өнері деп айтуға болады.

Табиғат құбылыстарынан (суық, ыстық, желден, жаңбырлы күндерден, жануарлардан қорғануда адамдар үңгірлер, шалаштар) жерді қазып өздерін қорғап қалу мақсатында үйлер жасап тұрған.

Сәулет-ол өнер. Адам өмір сүруіне арналған.

Сонымен қатар–құрылыс және олардың комплекстерін жасайтын өнер. Басқа өнер түрінен айырмашылығына тоқталып кетуге болады. Ол тек көркемдік жағынан көрініс бермейді, сонымен қатар практикалық жағымен пайдасын тигізеді.

Неолит дәуірі кезеңінде үйлерді тастардан вертикал бойынша шеңберде қалап, әсемдеп жасаған. Сол кезде адамдар сұлулық заңдылығына сүйеніп, үйлер тұрғызуға бейімделген. Үйді шеңберде жасауда, оның ішіндегі ауаның алмасып тұруда шеңбер бойымен айналысы заңдылығына сүйенген.

Құлиеленуші таптық қоғамда адамдар пирамидалар мен мәдени құрылыстар, шіркеулер мен театрлар, моншалар мен күш сынасу үшін спорт аландарын салып, небір қайталанбас өнер туындыларын жасаған. Кейінде адамдар көптеген ғимараттар, құрылыстар мен үйлер салып, оларды үш топқа бөлген. Біріншісі-тұрмыстық үйлер; екіншісі-жалпы қоғамға қажетті (мектептер, театрлар, стадиондар, магазиндер, бала-бақшалар, ауруханалар, демалыс үйлері, мұражайлар, кітапханалар, ғылыми институттар, университеттер, колледж, гимназиялар т.б.) болып табылады; үшіншісі өндірістік құрылыстар, оның өзі екіге бөлінеді. Ауыр және жеңіл өндірістік құрылыстар болып. Ауыр өндірістік құрылыстарға-заводтар, фабрикалар, электростанциялар, атомстанциялары, ұшақ орындарын т.б. жатқызады. Жеңіл өндірістік құрылыстарға-тамақ өнеркәсіптерін; кафе, ресторан, магазин т.б. жатқызуға болады. Ауыл шаруашылықтық-мал шаруашылығына, егінге, көкөніске т.б. байланысты құрылыстар. Келесі бір түрі «кішігірім формалы» сәулеттерді қарастыратын болсақ, олар аландар, бассейндер, фонтандар, аулалар т.б. айтып кетуге болады. Сонымен қатар «кіші» және «үлкен» формалы сәулеттер бірігіп, қала немесе ауыл құрылысы өнерін құрайды.

Қала құрылысшысы (градостроитель)- ол қала композиторы деп аталады. Күрделі қала, ауыл құрылысын ұйымдастырып жасауда, оның сыртқы көрінісінің сұлулығымен қатар, оның пішінінің (силуэтінің) сымбаттылығын ескеру міндет етіп қойылады. «Стандартты гаммасын» сәулет өнерші жақсы меңгерген болса, онда ол да музыкант тәрізді өзінің туындысын шығармашылықта «сәулетшілік» стандартында жасайды. Ақындар «сәулетті қатып тұрған әуен» деп жырлаған. Сәулетші мазмұны мен пішіні бойынша екі түрлі үй құрылысын кеңінен қолданады. Біреуі вертикалды секциялы, екіншісі мұнаралы болып бөлінеді. Вертикаль мен горизонталь бұл қарама-қайшы «контраст». Ал контраст композицияның ең әсерлі құралы. Вертикаль мен горизонталь ырғақта да шешімін табады. Ол белгілі бір элементтердің қайталанып отыруы. Сәулет бөліктері мен детальдары ырғақтылығына қарай әр түрлі қабылданады. Жоғары қарай өрбіген ырғақты бөліктер құрылысты зәулім етіп көрсетеді. Горизонтальды өрбіген ырғақты бөліктер құрылысты созыңқы төмен етіп көрсетеді. Сонымен сәулетші формаларды топтап, жинақтап және жақындастырып, бірде зәулім етіп, бірде оны созыңқы етіп құрылыстардың (қаланың, ауылдың) жобасын жасауда әдіс-тәсілдерді кеңінен қолданады. Оған дәлел ретінде «Жеті ғаламат» құрылысын атап кетуге болады.

Сәулет стильдері.

Сәулеттен басқа да өнер түрлерінде «стиль» деген мағына бар. Онда тарихи қалыптасқан көркемдік құралы мен тәсілдері сақталады. Стиль –адамның қоғамдық тарихи дамуындағы, оның идеясы мен әлемдік көзқарасы мен, құрылыс техникасымен мен сәулеттің тарихи дамуымен, дәуірге сай пайдасы мен сұлулығына байланысты. Ертедегі Египеттік сәулет, өзінің үлкен қара тастардан қаланған құрылысымен ерекшеленеді. Оның құрылысында адамдарға үстемдік жасаудың көрінісі берілген. Ертедегі шіркеу зәулім колонналардан тұрады. Құрылыс қабырғаларына және колонналарда ойып жасалған оюлар күнге шағылысып көрінеді. Шіркеуге кіре берісте тастан жасалған фараондар мен сфинкстер бейнесі тұрғанын көреміз. Сонымен Египет сәулет өнері зәулім өлшемде, үлкен масштабта жасалғанын көреміз. Тастардың қошқыл сұр түсі оларды оданда ауыр етіп көрсетіп тұр. Адамға шіркеу және пирамида сол кездегі қатаң биліктің және ауыр жағдайдың көрінісін береді. Бұндай құрылыстан адамдарға үстемдік жасалғандығының көрінісі байқалады.

Грек пен Римдегі Антика шеберлері құрылыстарды ақ тастар мен мәрмәрден салған. Олар

құрылыстарының күн көзіне шағылысып, жарқырап, адамдарды қуанышқа бөлеп, өздерінің сұлулықтарымен таңқалдыруды көздеген. Грек зодчилары тарихта бірінші рет сәулет ордерін жасаған. Ордер-құрылыстың сыртқы пішінін (формасын) көркемдеп, әшекейлеп және безендіріу құрылысында (конструкциясында) бөлшектердің тәртіпте орналасуы мен өлшемінің нақты ережесін анытаған. Оған мысал, Парфенон шіркеуінің құрылысы үш бөлімнен тұрады. Ол биік тастағы ауданда 1) пьедесталда (қазіргі фундамент); 2) құрылысты айнала қоршаған ырғақта орналасқан колонна (қазіргі қабырғалар); 3) жоғары колоннаға горизонталды белдеуше жапсырылған. Оны антаблемент деп атайды. Антаблемент төбемен жабылған. (қазіргі кездегі үйдің шатыры мен қабырғаны байланыстыратын бөлік). Бөліктердің айырмасы «алтын қима» (золотое сечение) деп аталады. Осы үш деталға жете тоқталуға болады. Олардың әр қайсысы өте кішкентай бөлшектерден тұрады. Тік орналасқан колоннаның басында әсем безендірілген мүсін орналастырылған. Ол-капитель деп аталады. Антаблемент горизонталды жолаққа бөлінген. Оның үлкендеуі фриз деп аталады. Фриз барельефтармен безендірілген. Фриздің жоғары жағы карнизбен бекітілген. Фриз-ғимарат қабырғасының ішкі-сыртқы жоғарға жиегін сәнді безендіруге арналған ою-өрнек. Құрылысты жанынан қарасақ үш бұрышты жазықтық пен жабылғанын көреміз. Осылайша дорикалық ордермен таныстыңыздар. Одан басқа ионикалық, коринский ордерлер бар. Олар әр түрлі уақытта, әр түрлі жерде ертедегі Грецияда пайда болған.

Аталған ордерлердің элементтері бірдей болғанымен, олардың пропорциясы мен әсемделіп, көркемделіп безендірілуі әр түрлілігімен ерекшеленеді. Сонымен алтын қима деген, ол А-ны бүтін бөліктің Б-үлкен бөлігінің, Б үлкен бөлігінің В кішкене бөлігіне айырмасына бөлгендегі бөлігі .

Сонымен ертедегі сәулетшінің бірі Цейзинг «Парфенон» прапорциясын осылайша шешкен.

1-А, 0,618-Б, 0,382-В ендеше қазақ киіз үйін алып қарастыратын болсақ, ол да үш бөліктен тұрады [3]. Кереге, уық, шаңырақ. Шаңырақ дөңгелек, тең төртке бөлінген. Кереге төрт көзді жиналмалы, 6-8-12 шеңберлі бөліктерден тұрады. Сонымен қатар 140-150 уықтан тұрады. Киіз үй ақ және қара үй деп екіге бөлінеді. Ақ қара кигіздермен жабылады. Қара үйдің бөліктері ақ үйге қарағанда аз болған. Кереге айнала шимен қоршалады. Ши шаң тозаңнан сақтап таза ауа өткізеді. Жылудың көп уақыт сақталуына септігін тигізеді. Уық шаңыраққа кигізіліп көтеріледі. Уық пен керегенің қосылып байланады. Уық пен керегенің қосылып байланған жерін басқұрмен жауып қояды. Демек, уық пен кереге қосылып байланаған жерін алтын қимасы деп алуға болады. Киіз үйдің бөліктері байлауға және әшекейлеуге арналған. Олар, таңғыш, шаңырақ бау, арқан, уықбау, желбау, аяқбау, т.б. болып келеді. Киіз үй есігі сықырлауық деп аталады. Сықырлауықтың беті тәйпақ оюлармен, сүйекпен инкрустацияланып және боялып жасалған. Түнде киізбен бетін жауып қойған. Киіз үйдің бірнеше түрлері; отау үй-жас жұбайлардыкі; туырлық үй-көшіп қонуда; жолама үй-жол үй; қос – табыншының үйі т.б. болған. Бүгінгі таңда оны бұл мәселе туралы материалдар өте көп.

Жалпы қандай болмасын мамандыққа оқытудың негізі бар. Оны бастауыш сыныптарда қағазға үйдің суретін салудан бастатқан дұрыс. Бастауыш сыныптың оқушылары тек қана бір жағынан салып үйренеді. Орта буында перспективада салып үйренеді. Бұнда оқушылар жабық кеңістікте бейнелеуді үйренеді. Пропорция ұғымдарымен таныстырылады.

Сәулет өнерінде түр, түс, өң туралы мағлұматтар алады. Киіз үйдің көрінісін салады. Оны бүгінгі таңда жаңаша салу жолдарын үйретуге болады. Көбіне қаматекспен, т.б. материалдармен жобалар құрастырып, дизайннан жұмыстар жасатуға болады. Дизайн мамандығындағы студенттер уақыт пен кеңістікке байланысты мәселелермен айналысады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Костерин Н.П. Учебное рисование. Учебное пособие для учащихся педучилище по спец. №2002. -Москва: Просвещение, 1980.- 137 с.
2. Құдабаева К.И. Сәндік-қолданбалы өнерді оқыту теориясы мен технологиясы. Оқу құралы. -Қарағанды: Санат, 2005. -110 б.
- 3 . Шевелев И.Ш. Геометрическая гармония. – Кострома: Костромское книжное издательство, 1963. -63 с.

Редакцияға 27.05.2010 қабылданды.